



Әмірдің өзері - әйел!

Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

- @Atyrau.gazeti
- atyrau_gazeti@mail.ru
- Атырау газеті
- www.atr.kz
- «Атырау» газеті
- atyrau_gazeti
- Atyrau_news
- Атырау жаңалықтары

*8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні



Ардақты аналар, асыл әжелер, қадірлі әпке-қарындастар!

Көктемнің алғашқы шуағымен бірге жүректерге жылу, көңілдерге нұр сыйлайтын айрықша күн келді. Бұл – нәзіктік пен парасаттың, мейірім мен даналықтың мерекесі. Наурыздың самалымен бірге ананың әлдіі, арудың нәзіктігі, әжесінің ақ батасы жаңғырады. Тіріліктің түлейтін, табиғат бүршік жарып гүлдейтін жаймашуақ кезеңмен бірге келетін Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтап, ыстық ілтипатымды білдіремін!

Қазақ әйелінің болмысында Томирисінің қайсар рухы, Бопайдың батылдығы, Домалақ ананың даналығы, Айғанымның парасаты, Қарашаш пен Зеренің зеректігі, Дина мен Фариза апаларымыздың тектілігі, Әлия мен Мәнішүк һәм Хиуаздың әр мінезі тоғысқан. Өткеннен қалған қасиет бүгінде талай қыз-келіншекті биікке жетелеп келеді.

Сіздер шаңырақтың шырағы, ұрпақтың тірегі, елдің мерейісіздер. Тек отбасының ұйытқысы ғана емес, білім мен ғылымда, медицина мен мемлекеттік қызметте, кәсіп пен қоғамдық істе табандылық танытып, ел дамуына үлес қосып келесіздер. Ұлттық құндылықты ұлықтап, заманмен бірге қадам басқан Сіздер құрметке де, мақтауға да лайықсыздар. Жүздеріңізден күлкі, жүректеріңізден жылу, бастарыңыздан бақ кетпесін.

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Серік ШӘПКЕНОВ,
Атырау облысының әкімі



Суретте: қызылқоғалық Құнарай МАМАШЕВА – өз саласында тәжірибелі педагог, үйде берекенің бастауы болып жүрген аяулы ана.

IV БЮДЖЕТ

6-7 Аманат арқалаған ана



Мінбер

11, 16 Жайыққа жанашырлық керек



Қоршаған орта

12 Тербетілген дала гүлі



ГАЗЕТТІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҮСҚАСЫН www.atr.kz сайтынан ОҚЫҢЫЗ!

*Гала-концерт

ЖАҢА АТА ЗАҢНЫҢ ЖОБАСЫНА АТЫРАУЛЫҚ ЖАСТАР ДА ҮН ҚОСТЫ. КЕШЕ «ЖАЙЫҚ АРЕНА» СПОРТ КЕШЕНІНДЕ ГАЛА-КОНЦЕРТ ӨТІП, МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТТЫҢ МӨН-МАҒЫНАСЫ КЕҢІНЕН ТАРҚАТЫЛДЫ. ӘР САЛАДА ЕҢБЕК ЕТІП ЖАТҚАН ТҮРЛІ МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІ ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ РЕФЕРЕНДУМДА ӨЗ ТАҢДАУЛАРЫН ЖАСАУҒА ШАҚЫРДЫ.

(Толығырақ 5-бетте)



Ең басты құндылық – АДАМИ КАПИТАЛ

Қадірлі ханымдар!



«Теңізшевройл» ЖШС ұжымы атынан сіздерді 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Көктеммен бірге келетін бұл шуақты мереке – әйел затына, сіздердің жоғары кәсібиліктеріңіз, асқан жауапкершіліктеріңіз, парасаттылықтарыңыз, сондай-ақ нәзіктік пен мейірімге ұласқан ішкі күш-қуаттарыңызға деген терең құрметтің, шынайы ілтипат пен зор ризашылықтың айқын көрінісі. Сіздер кәсіби салада табысты еңбек етіп қана қоймай, отбасының берекесін сақтап, жақындарыңызға тірек болып, айналаңызға жылулық пен шабыт сыйлап, әр күнімізге көрік беріп келесіздер.

Әйелдер қоғамның, экономиканың және әлеуметтік саланың дамуына өлшеусіз үлес қосып келеді. Сіздердің тынымсыз еңбектеріңіз, өз ісіңізге деген адалдықтарыңыз бен жоғары нәтижеге ұмтылыстарыңыз – ортақ жетістіктеріміздің және өңірдің тұрақты дамуының берік негізі.

Осы мерейлі мереке күні сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке мен кәсіби табыс, сондай-ақ әр күннен қуаныш тауып, ертеңгі күнге сеніммен қадам басуды тілейміз. Әрдайым құрмет пен ілтипатқа, шынайы алғыс пен қолдауға бөлене беріңіздер!

Билли Лакоби
«Теңізшевройл» ЖШС
бас директоры

Қуанышкерей Мұхтаров
«Теңізшевройл» ЖШС
бас директорының орынбасары



